



БЕКІТЕМІН»:
Абай облысының білім
басқарма басшысы
Н. Ахметкалиев

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысының облыстық кезеңінің өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын өткізу ережелері (бұдан әрі – Жарыс) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. **Жарыстың мақсаты:** Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Жарыстың міндеттері:

- әр түрлі өңірлердің білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына жағдай жасау;

- техникалық шығармашылық бойынша үздік жұмыс тәжірибесін насихаттау; балаларды инновациялық ғылыми-техникалық шығармашылыққатару;

- инновациялық технологиялар саласында жаңа құзыреттілікті қалыптастыру; техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласында оқитын дарынды, талантты білім алушыларды анықтау;

- топпен шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру; іс-шаралар арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыруға ықпал ету.

4. Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес жарыстың облыстық кезеңін Абай облысы білім басқармасы» ММ «ДпҚББД ОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК **офлайн форматта** өткізеді.

5. Жарысты ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, Жарысты өткізеді және қорытындысын шығарады.

2. Жарысты өткізу мерзімі және тәртібі

6. Жарыс **2024 жылғы 26 сәуір** Семей қаласы, Абай көшесі, 73 Балалармен жастардың шығармашылық сарайының бас ғимаратында өткізіледі.

7. Облыстың, аудан, Семей Курчатов қалаларының білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған Жарысқа қатысу туралы ілеспе хат **2024 жылғы 19 сәуірге дейін korkem.daryn@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

8. Ілеспе хатқа мыналар қоса тіркеледі:

- 1) Жарыстың аудандық, қалалалық (Семей, Курчатов) кезеңдері жеңімпаздарының аудандық жарысқа қатысуы туралы өтінім (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т.А., туған жылы, оқу орны, сыныбы, мекен-жайы, телефоны, номинациясы);
- 2) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

3. Жарысқа қатысушылар

9. Жарысқа аудандық, қалалалық (Семей, Курчатов) жарыстардың жеңімпаз командалары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

10. әр өңірден 9 қатысушы. Жарысқа қатысушылардың жасы: **10-17 жас.**

Жарыстарды өткізу кезінде өңірден қатысушылардың жалпы санына кірмейтін 2 (екі) топ жетекшісі жіберіледі. Іссапар шығыстары жіберуші тараптың есебінен.

11. Жарыс өткізу орнына дейін жету кезінде, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі аудан, қала (Семей, Курчатов) білім бөлімдері анықтаған топ жетекшілеріне жүктеледі.

Әрбір топқа қатысушы Жарысты өткізу орнына дейін жету кезінде, Жарысты өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде өз заттарының қауіпсіздігіне жауапты.

12. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың жарыстың аудандық кезеңіне қатысу үшін және топ жетекшілерінің жолдануы туралы білім бөлімінің басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (білім алушының туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т.А. (толық), туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекенжайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың аталуы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, телефоны);

1) қатысушылардың туу туралы куәлігі мен топ жетекшілерінің жеке басы құжаттарының көшірмесі (куәлік (паспорт);

2) қатысушылардың ата-аналарынан нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

4. Жарысты өткізу тәртібі және шарты

13. Жарыстар келесі модельдердің кластары бойынша өткізіледі:

Радиомен басқарылатын көлік модельдері:

1. 1:10 масштабта көлік модельдерін мәнерлеп жүргізу; РЦБ класы;
2. 1:10 масштабта багги жарысы (4wd). Багги-10Э.

Әуе модельдері:

1. F-3-P (пенолёт) моделі;
2. F-1-N планер моделі;
3. кордалы жарты копия, контурлы моделі.

Кеме модельдері:

1. Ф -2 -А;
2. Eco Expert;
3. Mini Eco Expert.

Зымыран модельдері:

1. S6A – стример.

Тікелей жүретін автотрассалық модельдер (жартылай көшірме):

1. 1/24 масштабтағы модель.

17. Модельдердің әр класында командадан 1 қатысушыдан артық қатыспауы керек. Жарыстың әрбір түрі өлшемдері, бояуы және формасымен арнайы құрылған алаңда өткізіледі. Жарыстарға қатысатын модельдерге қойылатын техникалық талаптар қоса беріледі.

18. Қатысушылар жарыстарда өздерімен бірге әкелінген материалдар мен жабдықтарды пайдаланады. Ұйымдастырушылар аталған жабдықты жарыстарда ұсынбайды. Команданың жабдықтары сынған немесе ақаулы

болған жағдайда, ұйымдастыру комитеті оларды жөндеуге немесе ауыстыруға жауапты болмайды. Командаларға қосалқы бөлшектер жиынтығын алып жүруді ұсынылады.

5. Жарыс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

19. Жарыс номинацияларын кәсіби әділ қазылар алқасы бағалау өлшемдеріне, хаттамалық шешімдердің нәтижелеріне және АСФ, АМСФ, NAVIGA ережелеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

20. Жарыстың қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Жарысқа қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Жарыстың қорытындысы бойынша жалпы командалық орындар анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Анықтама телефоны: 87082600405.

6. Жарысты қаржыландыру

21. Жарыстың аудандық, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

22. Жарысқа қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге бару және кері қайту жол ақысы және жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді. Топ жетекшілерінің іс-сапар ақысын төлеу – жіберуші Тараптың есебінен.

23. Жарысты өткізу және ұйымдастыру, жарыс кезінде қатысушылардың (топ жетекшілерден басқа) орналасуы және тамақтануына шығыстарды Республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

**Техникалық шығармашылық және онертапқыштардың
(әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысына қатысуға өтінім**

№	Модельдердің кластары	Қатысушының Т.А. (толық құжат бойынша)	Туған жылы, жасы	Қатысушының тұрғылықты мекенжайы толық (облыс, қала, аудан), электр. поштасы, телефоны	Білім беру ұйымы толық (толық құжат бойынша), сыныбы	Жоба жетекшісінің Т.А.Ө. (толық құжат бойынша), электронды поштасы, телефоны
1	радиомен басқарылатын көлік модельдері					
1.1	1:10 масштабта көлік модельдерін мәнерлеп жүргізу; РЦБ класы					
1.2	1:10 масштабта багги жарысы (4wd). Багги-10Э					
2	әуе модельдері					
2.1	F-3-P (пенолёт) моделі					
2.2	F-1-N планер моделі					
2.3	кордалы жарты копия, контурлы моделі					
3	кеме модельдері					
3.1	Ф -2 –А					
3.2	Eco Expert					
3.3	Mini Eco Expert					
4	зымыран модельдері					
4.1	S6A – стример					
5	тікелей жүретін автотрассалық модельдер (жартылай көшірме)					
5.1	1/24 масштабтағы модель					

Топ жетекшілері: (Т. А. Ө. (толық), жұмыс орны, лауазымы, телефоны)